



Ақмешіт

20 сәуір
сейсенбі

№31 (1733)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМИСІ

30 жылға жуық тарихы бар «Болашақ» бағдарламасы – Тәуелсіздік жылдары қол енішлеген ең маңызды жетістік. Себебі мемлекет қолдауымен шетел асып, білім алған жастар халықтың экономикалық-әлеуметтік жағдайының жақсаруына өз септігін тигізуде. Соңғы есеп бойынша бағдарлама шеңберінде 13 мыңнан астам қазақстандық білім алып, әр саладан орнықты орын иеленген. Тіпті түлектер қатарында вице-министрлер мен түрлі деңгейдегі әкімдер де кездеседі.

«БОЛАШАҚ» – ЕЛ БРЕНДИ



«Болашақ» стипендиясы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 1993 жылдың 5 қарашадағы №1394 қаулысына сәйкес құрылған. Аталған халықаралық бағдарлама Қазақстанның ғана емес, Орта Азияның ілгері басуына ықпал етіп келеді. Олай дейтініміз, дамыған елдерде білім алған жастар легі ғаламдық озық технологиялар мен соңғы жаңалықтарды игеріп, өз тәжірибесін көрші елдермен де бөлісуде. Бүгінде құны қымбат оталар мен тек дамыған мемлекетте кездесетін қолжетімді қызметтерді «болашақтықтар» Қазақстанға әкелді.

Жыл сайын мыңдаған жасты шетелде тегін оқыту үкіметке де оңайға соқпаған. Әсіресе, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары. Ақша тапшы, экономика әлсіз тұста мұндай қарқынды қадам үлкен тәуекел-тұғын. Қарым қайтатынын білгенмен, сырттағы әрбір шәкіртке толық мүмкіндік жасау аз қаржыны қажет етпейтін. Алайда ізденіс жолындағы жастың мәселін қайтармай, білімге құштар отандастарды қолдау бір сәтке де тоқтаған емес. Осы аралықтағы қиындықты Елбасы Н.Назарбаев былайша еске алды:

«Біздің «Болашақ» бағдарламасын бекіткеніміздің дұрыс болғанын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Еліміз үшін ең күрделі болған 1993 жылы қарттарға зейнетакисын бере алмай жатқан кезде, мұғалімдер мен дәрігерлерге, әскерилерге айлығын төлей алмай жатқан тұста жастарымызды әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарына жібердік. Мемлекет әрбір жас үшін жыл сайын 30 мыңнан 50 мың АҚШ долларына дейін төлеп отырды. Бүгінде «Болашақ» стипендиясымен оқип келген түлектер білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым және техника салаларында ірі жобаларды жүзеге асырып, зор жетістіктерге жетіп отыр».

Расында бағдарламаға кеткен шығын өз-өзін ақтады. Тіпті мемлекет дамуына пайда тигізіп, ел «тайказаны» алғашқы десек болады. Оның мысалын медицина саласынан аңғаруға болады. Бүгінде «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оқып келген 790 маман денсаулық сақтау саласында еңбек етеді. Олар жыл сайын 200 мыңнан астам науқасқа операция жасайды. Қазіргі таңда «Болашақ» түлектері жасайтын күрделі оталар шетелде 50 мың долларға дейін бағаланады. Бұл алысқа сабылмай, саналы отаны елде жасауға мүмкіндік туды деген сөз. Оған қоса, қымбат құрылғының тілін тауып, үздіксіз қызмет жасауда түлектердің білім-білігі орасан көмек көрсетуде.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы заман ағымына сай түрленіп, көптеген өзгерістерді өткерді. Мәселен, 1994-2004 жылдары 13 мемлекетте 785 қазақстандық білім алу мүмкіндігіне ие болса, кейін стипендия саны 3 мыңға дейін артты. Уақыт өте стипендиаттарды оқыту және «Болашақ» түлектерін жұмысқа орналастыру үшін арнайы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ құрылып, жастардың тұрақты кеңес алуы мен жұмыссыз қалмауына жағдай жасалған. Сонымен қатар ауыл жастары, мемлекеттік қызметкерлер, педагог мамандар мен медицина және техника салаларының қызметкерлеріне жеңілдіктер енгізілді. Нәтижесінде сала мамандарына 12 айға дейін шетелде ғылыми тағалымдамадан өтуге мүмкіндік туды. Сондай-ақ бағдарламаны насихаттау мақсатында «Қазақстан-2050», «Болашақ», «ҚазАльянс» секілді қоғамдық және студенттік қозғалыс-қауымдастықтар құрылып, жүйелі жұмыс істеуде.

Тағы бір айта кетерлігі, бағдарлама қаншама ауыл баласының қиялына қанат бітіріп, заман талабына сай білім алуына жол ашты. Ел жетістігінің ең ұтымды тұсы да осы болар, бәлкім.

Алайда, бұл «Болашақ» бағдарламасымен кез келген азаматтың ел асып білім алуына болады дегенді білдірмейді. Талапкерлерді ағылшын тілін меңгеру, интеллектуалды қабілетін дәлелдеу, қосымша халықаралық емтихан тапсыру секілді сынақ күтеді. Оған қоса жыл сайын бағдарлама ережесі мен іріктеу жүйесі қатаңдап, талап күшейген.

Білім беру ісін жетілдіру – ел дамуының басты көрсеткіші. Қоғамдағы ғылым-білімге құштар жастардың қатары артуы экономикалық ілгерілеумен шектелмей, мемлекеттің саяси аренадағы салмағын еселей түседі. Осы орайда «Болашақ» бағдарламасы мыңдаған шәкірттің ғылым кеңістігіне енуімен қатар, Қазақстанның беделінің артуына мүмкіндік сыйлады. Сондықтан «Болашақ» ел бренді ғана емес, ел бедеріне де айнала білді.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚАЗАНТАЕВТЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

Шаһар тізгінін ұстаған **Ғанибек Қазантаев қалаға қарақты ауыл-аймақ пен бөлімдерді аралап, жаңа қызметіне кірісті. Басшының істің басын шалғайдағы халықтың хал-жайын, тұрмыстық ахуалын, мұң-мұқтажын білуден бастауы ел жайына қанығуға жасаған қадамы екені анық. Жергілікті тұрғындар да ауыл аралаған әкімге алғаусыз алғысын білдіріп, бірқатар мәселені назарға салды. Қала әкімі Ғанибек Қазантаев алдымен Ақжарма, Ақсуат ауылдық округтері мен Тасбөгет кентінің тұрғындарымен кездесті.**



Ақжармалық тұрғындар атқарылған жұмысқа оң бағасын беретінін жеткізіп, ендігі кезекте ауылға амбулатория құрылысын жүргізсе деген тілегін айтты. Бұл сауалға ескі амбулатория ғимаратына барып, нысанның қазіргі жағдайын көрген

шаһар басшысы: «Жаңа амбулатория салуға облыстық денсаулық сақтау басқармасы арқылы бюджеттік өтінім берілген. Қаржының бөлінгенін күтіп отырмыз» – деп жауап берді. Жалпы Ақжарма ауылының инфрақұрылым, ауыз су

мәселесі жыл санап шешімін тауып келеді. Кездесуге келген халық та соңғы жылдары елді мекен келбетінің көріктенуіне түскенін жасырмады. Қала басшысы қос ауылды біріктірген округтің жай-жапсарымен танысқан соң

Ақсуат халқымен жүздесті. Әлеуметтік-экономикасы әлеуеті жоғары ауыл тұрғындары бүгінге дейін атқарылған жұмыстарды жоғары бағалап, жаңа басшыға сәттілік тіледі.

Жыл санап тірлігі түлеп, даму жолында жаңа тынысы ашылған тасбөгеттіктер де әкімді ерекше құрметпен қарсы алды. Мұнда да жергілікті халық кентте атқарылған тірлікке риза пейілін білдіріп, алдағы уақытта қала әкімімен бірлесе жұмыс істейтінін жеткізді. Жаңа басшы да сенім білдіріп, Тасбөгет кентін одан әрі дамытуға барын салатынын айтты. Кездесу соңында Ғанибек Қонысбекұлы:

– Бүгінгі кездесуде өздеріңізбен жолығып, баталарыңызды алдым. Алдағы уақытта қызу жұмыстың бел ортасында, жарқын жобалар мен байырқалы бастамалардың басында жолығатын боламыз. Бізге дейінгі істелген жақсы істерді жоғары деңгейде жалғастырып, одан да биік мақсаттарға жетуде ең қажеті – елдің қолдауы. Сондықтан сіздерді жақсы іске жұмылып, бірлесіп, ақылдасып жұмыс істеуге шақырамын, – деді.

2 БЕТТЕ

БІЛІМ

5-10 сәуір аралығында мониторингтік топ өкілдері қаладағы 21 мектепке бақылау шараларын жүргізді. Барлық білім ұйымдарында коронавирус инфекциясының алдын алу мақсатында оқушыларға ауру белгілері мен жұғу жолдары және қорғану шаралары туралы әлеуметтік бейнероликтер көрсетілді.

ОНЛАЙН ОҚИТЫНДАР САНЫ АРТТЫ



Қазір коронавирус күн өткен сайын күрделеніп келеді. Ахуал қалай болатынын ешкім деп басып болмай алмайды. Дегенмен халық карантин талаптарын қатаң сақтаса, дертті дендетіп алмай бетін қайтаруымыз бек мүмкін. Ол үшін әрбір тұрғын қоғам алдындағы жауапкершілігі мен жанашырлығын сезінуі керек.

Егемен еліміздің ертеңгі жарқын болашағы – балалар. Сондықтан бүлдіршіндеріміздің саулығы аса маңызды. Оқу жылының соңғы тоқсанында оқушылардың дәстүрлі оқу процесіне ауысқаны белгілі. Алайда ата-аналар бала денсаулығына алаңдап, қашықтан оқытуға өтініш білдіруде. Бұл, әрине, әрбір ата-ананың қалауына байланысты.

Өңіріміздегі эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты ата-аналардың өтінішіне сәйкес қашықтан оқытын оқушылардың үлесі артып келеді.

Аймақтың бас педагогы Ақзира Бактыбайқызы:

– Өткен аптамен салыстырғанда қашықтан оқытын оқушылар саны 14535-ке жетті. Ал қалған оқушылар дәстүрлі форматта оқуын жалғастыруда. Жалпы оқушылар мен педагогтар арасында КВИ тіркелген жағдайда тиісті сыныптар қашықтан оқытуға көшіріліп, карантинге жіберіледі. Қазір мектептерде дезинфекциялау жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Сондай-ақ қолды өңдеуге арналған антисептик қоры жеткілікті деңгейде, – деді брифингте сөйлеген сөзінде.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, аймақтағы эпидемиологиялық нашарлауына байланысты мектептердің 70 пайызы онлайн оқуға көшті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

САРАПТАМА

ДИПЛОМ «САУДАСЫ» ҚАШАҢА ДЕЙІН СОЗЫЛМАҚ?



Осыдан бірер уақыт бұрын «мектепте сатып алған дипломмен жұмыс істеп жүргендер анықталыпты» деген ақпарат естілді. Алғашында «ойырмай, мынау рас па, әлде өтірік пе?» деп, кәдімгідей алаңдадық. «Көзді ашып-жұмғанша» ел ішіне жылдам тараған хабардың рас-өтірігін білмек болып, білім саласындағы басшылыққа да хабарластық. Шама-шарқымыз жеткенше зерттеп те көрдік.

3 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Бектас НҰРИДИНОВ,
Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары,
қала әкімдігі жанынан құрылған мониторингтік топтың жетекшісі:

«ТОЙ ЖАСАҒАННЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ТОЙҒА БАРҒАННЫҢ ДА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАРАЛАДЫ»

Сәуір тәуір болмай тұр. Вирустан «сарғайған» қалада карантин талаптары күшейді. Индеттің беті бері қарады деген желеумен ел ішінде той-томалақ, жиын-тойлар қарасы көбейе бастаған еді. Алайда вирус сақтық шараларын сақтамаса күш алып кететінін тағы байқатты. Өткен жылғы жағдайдың оңай болмағанын тағы да еске алып, өзіннің де, өзгенің де амандығы үшін тәртіпке бағыну керек. Немқұрайлылықтың, тығылып той жасағанның салдары сезілуде. Карантин талаптарының сақталуын бақылайтын қаладағы арнайы құрылған мониторингтік топ тынбай жұмыс істеуде. Күн сайын тексеру тобының жұмыс нәтижесі айтылуда. Алайда индеттен сақтану бір ғана топқа керек пе? Рейд жасалғанмен, той неге тоқтамайды, ел тәртіпке неге бағынбайды?

Қала әкімдігі жанынан құрылған мониторингтік топтың жетекшісі Бектас Нұридиновпен қарбалас сәтінен уақыт тауып, сұхбаттасудың сәті түсті.



2 БЕТТЕ

ҚАЗАНТАЕВТЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

Қала әкімінің келелі кездесуі Қызылорда, Талсуат ауылдық округтері мен Белкөл кентінде жалғасты. Бұған дейін басқа да елді мекендерді аралап, халықтың ұсыныс-пікірі мен сауалдарын тыңдаған қала басшысы бүгінгі кездесуде де көпшілікті толғандырған көкейтесті мәселелерге назар салды.

Басқосуда тұрғындар тарапынан Айнакөлдін аяқ суы мен Талсуаттағы электр бағандарын ауыстыру мәселесі көтеріліп, Белкөлде қарттарға арналған сауықтыру алаңын салу ұсынысы айтылды.

Келелі жиында ауыл және кент әкімдері басқаруындағы аймақтардың жыл көлеміндегі экономикалық көрсеткіштері мен саяси ахуалы және егін маусымына дайындығы туралы хабарлама жасап, алда атқарылар шараларды да атап өтті.

Жаңа әкімнің алғашқы қадамына қолдау білдірген ауыл тұрғындары барлық бастамаларына табыс тілеп, ақ баталарын берді. Қала әкімі:

– Қай салада, қай қызметте

болсақ та елдің қолдауы, үлкендердің ақ батасы тірлігіміздің берекесін кіргізіп, бірлігімізді бекемдей түседі» – деп, ізгі лебізін білдірген ағайынға алғысын жеткізді.

ҚАЛАДАҒЫ ҚЫЗУ ТІРЛІК

Елді мекеннің тыныс-тіршілігінен хабарлар болған қала әкімі келесі жұмыс сапарын дербес бөлімдерді аралаудан бастады. Алдымен шаһар басшысы құрылыс, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, ауыл шаруашылық бөлімдері орналасқан ғимаратқа барып, бөлімдердің жұмысымен танысты. Бірнеше бөлімді біріктірген нысанда келушілер үшін қолайлы орта қалыптасқан. Мұнда әр бөлімдегі арнайы терезелер арқылы тұрғындар өз сауалдарын қойып, мәселелерін бір ортадан электрондық кезек жүйесімен шеше алады. Сонымен қатар өз өзіне қызмет көрсету бұрышы да қарастырылған. Ганибек Қонысбекұлы бөлім қызметінің сапасы мен салмағына қанығып, бөлімдегі цифрландыру, оңтай-



ландыру жүйесіне оң бағасын берді.

Шаһар басшысы одан әрі қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі орналасқан А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйіне бас сұқты. Нысанның материалдық базасымен танысқан қала әкімінің орынбасары Аскарбек Есжанов бөлімнің мүмкіншіліктері мен қажеттіліктерін атап өтті.

– Бұл бөлім қаладағы мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар мен тарихи

музейлер, орталықтандырылған кітапханалар жүйесін бір ортаға біріктірген. Қала бойынша бөлімге қарасты 34 мәдени нысан халыққа қызмет көрсетіп келеді, – деді Аскарбек Темірбекұлы.

Жұмыс барысы қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік жағдайлар және азаматтық хал-ақпараттың тіркеу бөлімінде жалғасты. Мамандар бөлімнің қамту аясы мен мүмкіншілігін саралап, басты артықшылықтарын түсіндірді. Сала мамандарының сөзінше, 26 мемлекеттік, 8 арнау-

лы әлеуметтік қызмет түрін ұсынатын бөлімнің құрамында 4 орталық, 2 бөлімше бар. Сондай-ақ 200-ден аса қызметкер жұмыс істейтін бөлімге күніне 1500-ге жуық азамат қызмет алуға жүгінеді екен.

Барлық бөлімдердің жұмысымен танысқан қала әкімі бөлім басшыларына:

– Сіздерге барлық жағдай жасалған, материалдық-техникалық база нығайтылған, тек жүйелі жұмысты жалғастырып, халыққа сапалы қызмет көрсетулеріңіз керек, – деді.

Жұмыс барысы өткен жылы Жол картасы аясында С.Торайғыров көшесіне жүргізілген жауу жүргізушілер жолын аралаумен түйінделді. Айта кетейік, бұған дейін «Д/УС» ЖШС жүргізіген 2 шақырымға жуық тротуардан олқылықтар анықталған болатын. 2020 жылдың 24 маусым мен 24 қазан аралығында жүзеге асқан жоба сәтсіз өтіп, бүгінде мердігер мекеме кепілдемесі негізінде жауу жүргізушілер жолына қайта жөндеу жұмысын жүргізуде.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

Басы 1-бетте

– Бектас Балғабайұлы, қаламыздағы эпидемиологиялық мәз емесін күн сайынғы статистика көрсетіп отыр. Тұрғындардың сақтық шараларын сақтау деңгейі қандай?

– Жыл басынан бері қаламызда коронавирус инфекциясымен 727 жағдай тіркелді. Оның 474-і жазылып шықты. Үй бақылауында – 160 адам, 75-і ем қабылдауда. Қазіргі таңда инфекциялық стационарлардағы 230 орында 143 науқас ем алып, оның 14-і жаңсақтау бөлімінде. 14 адамның 13-і қала тұрғыны болса, 1 тұрғын Жаңақорған ауданынан.

Еліміздің бас мемлекеттік санитарының ескертуі бойынша, вирустың таралу ықтималдығы жоғары бірден-бір орын – көпшілік жиналған жер, яғни жиын-тойлар. Бір ғимарат ішінде жиналған жүздеген адам бір дастарханда отырып тамақтанады, сол жерде 2-3 сағаттап отырады. Сол себепті жиын-тойларды тоқтату әрдайым айтылып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да, арнайы мамандар да насихаттағанымен той тоқтар емес. Әрине, қазақ үшін тойдың орны бөлек. Қуанышын ағайын-туысымен бөлісіп, бірге тойлағысы келеді. Оның үстіне оқшауланудан да шаршайды. Дегенмен елдің амандығы үшін түсіністік, сабырлық қажет қой. Індетпен күресте мониторинг топ жұмысының нәтижесінен бұрын әр адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігі керек дер едім.

– Мониторингтік топтың тынымсыз жұмысына қарамастан қаламызда әлі де сақтық шаралары сақталмай келеді. Бұл туралы жуырда өткен қала әкімдігінің мәжілісінде де айтылды. Мониторингтік топтың мысы қаншалықты басым?

– Қала әкімдігі жанынан құрылған санитарлық-дезинфекциялық бақылау бойынша мониторингтік топ өткен жылы меншік нысанына қарамастан 14 мыңға жуық нысандарды аралап, карантин талаптарын бұзған 192 кәсіпкерлік нысан мен жеке тұрғын үйлердің иелеріне әкімшілік шара қолданды. Биылғы жылдың қаңтар айынан бастап бүгінгі күнге дейін мобильдік топпен карантин талаптарының орындалуы бойынша түсіндірме жүргізу барысында 1500-ден астам нысанды аралап, құзырлы органдарға шара көру үшін 110 хабарлама (оның 25-і той) жолданып, оның 59-на шара көрілді. Атап айтар болсақ, оның 51-і жеке тұлға, оның ішінде 16 той, жеке тұрғын үйде 3 той, 6 жеке кәсіпкер, 2 лауазымды тұлғаға карантин талаптарын сақтамағаны үшін шара көрілді. Бүгінде қалада 13 мониторингтік топ санитарлық-дезинфекциялық режим талаптарын сақтау бойынша талапқа сәйкес жұмыс істеуде.

– Ел арасында «әкімдіктен келісім алдық» деп той-томалағын жайбарақат жасап жатқандар да жоқ емес. Ашы да болса, шыңдық, айыпшұнды төлеп, тойын әрі қарай жалғастыра беретіндер де бар екені айтылып жүр. Бұл тексеру тобының «қойлы жықпас» жұмсақтығын білдірмейді ме?

– Біріншіден, «рұқсат алдық» дегеннің бәрі алып-қашпа әңгіме. Әкімдік тарапынан той жасауға ешкімге рұқсат берілмейді. Қаламыздағы бас санитарлық дәрігерінің қаулысында көрсетілгендей, отбасылық, мерекелік іс-шараға рұқсат берілмеген. Бұл шектеу, талаптың барлығы айтылып келгенде халық денсаулығы үшін. Алайда халық өз денсаулығының жауапкершілігіне әлі де әтесті қарайды. Рейд барысында көріп жүргеніміздей, жиын-тойды анықтаған мониторингтік топ қатаң тапсырып, хаттама толтырып жатса да бұл шараларға селқостық танытатындар

Басы 1-бетте



Бектас НҰРИДИНОВ,
Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, қала әкімдігі жанынан құрылған мониторингтік топтың жетекшісі:

«ТОЙ ЖАСАҒАННЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ТОЙҒА БАРҒАННЫҢ ДА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАРАЛАДЫ»

бар. Өзінің, айналаның, жақындарының амандығынан артық не бар? Осыны халық жете түсінес екен.

– Есік-терезесін қымтап, артық есіктен кіргізіп, кәсібін жүргізген мейрамханалардың «тығылық тойын» тапқан сәттер болды ма?

– Тексеру тобы анықтағанын барлығы да «тығылық тойлар ғой». Терезені қымтап, есікті жауып, сыртқа жарық сәулесі түспейтіндей амал жасайды. Бұдан кім ұтты, кім ұтылды?! Мейрамхана иелері айыпшұл төлей қалса деп, қазір бағаны да қымбаттатып жіберген. Сонда да ел жиналып, тығылып той жасауға ықпалы. Мұның зардабын кім тартатынын түсінетін уақыт жетті. Енді той жасаған адамды ғана емес, тойға барғандардың да жауапкершілігі алдағы уақытта қаралатын болады. Жауапкершілікті осындай шаралармен күшейтесек болмайды. Қазір күн жылына бері есік алдына той жасау фактілері де орын алуда. Қазір қаламызда әр аймақ бойынша 13 топ бар, осы топтың құрамындағы уәкелілік полиция инспекторы той болып жатқанын анықтаған жағдайда сол жерге мониторингтік топ барып, құзырлы органдармен хаттама толтырылып, заңауында шара қолданады. Тағы бір атап айтарлығы, жиын-тойды анықтап, дер кезінде тоқтату үшін «Beeline», «Activ» орталықтарымен келіссөз жүргізіліп, адам көп шоғырланған жерлерді ұялы байланыс жүйесі арқылы анықтап, хабар беру жұмысы қолға алынады. Бұл да ел денсаулығына немқұрайлы қарап, жауапкершілікті сезінбей той жасайтындарға шара көру үшін тиімді шараның бірі.

– Елге тексеруден емес, вирустан «тығылық» керек екенін түсінетін кез келді дейсіз ғой...

– Вирустан сақтануға жауапкершілікпен қарайтын кез жетті. Жиын-тойды тоқтату бір амал болса, тағы бір амал – вакцина салдыру. Вакцинациялау басталғалы бері ел ішінде түрлі пікірлер көбейіп кеткені рас. Ауруыма ауру қосып аламын деп немесе ауырып қаламын деп күдік қарайтындар бар. Алайда елде ұжымдық иммунитет қалыптаспай індетті жеңу

мүмкін емес. Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, Англияда ұжымдық иммунитетті 50 процентке жеткізген кезде вирустың таралуы 14 есеге төмендеген. Вакцинадан қорқудың қажеті жоқ. Керісінше, вирусқа қарсы иммунитет қалыптастыру үшін вакцина салдыру керек. Саналы, ерікті түрде. Өз басым вакцина салдырдым, ешқандай ауырсынуды, қолысыздық сезілген жоқ. Қаламызда халыққа ыңғайлы болу үшін көпшілік вакцинациялау жүргізілуде. Елдің сұранысына қарай, сол аумақтағы мәдениет үйлерінің ғимаратында ұйымдастырылуда. Ең бастысы, халыққа қолайлы жағдай жасау, кезек күтіп қалуды болдырмау. Алдағы уақытта елімізде «Ашық портал» жүйесі іске қосылады. QR код арқылы қоғамдық орындарға келушілердің денсаулық жағдайын білуге бұл өте тиімді.

– «Ашық порталда» адамдардың денсаулық жайын анықтайды ма?

– Бұл – қоғамдық орындарға келушілерді тіркеу қосымшасы. Ғимараттың кіреберісінде келушілер арнайы QR кодты сканерлеп, оны әкімшілік көрсетеді. Код келушінің статусын анықтайды. Статус ПТР зерттеулерінің бірыңғай интеграциялық порталы және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы covid-19 бақылау орталығы ақпараттық жүйелерін салыстыру негізінде тағайындалады. Мәселен, сіз ПТР-тест тапсырдыңыз, вакцина салдырдыңыз немесе вирус жұқтырған адаммен жақын қатынаста болғаныңыз анықталып, оқшаулауға болдыңыз. Бұл мәліметтің барлығы бағдарламаға енген. Көпшілік орынға барған кезде ОР кодыңызды сканерлеген кезде бұл мәліметтер ашық портал арқылы алдыңыздан шыға келеді. Статус түстермен белгіленген. Атап айтқанда, қызыл түс – ПТР тестін тапсырып, он нәтиже шықса беріледі. Бұл статустың иесіне үйде оқшаулану режимін қатаң ұстану керек деген сөз. Сары түс – науқас адаммен байланыста болған адамдарға беріледі. Оларға азық-түлік немесе үй жанындағы дәрханға баруға рұқсат беріледі, бірақ басқа нысандарға баруға тыйым салынады. Көк түс – ПТР-тестілеу тапсыру міндетті орындардан басқа барлық жерге рұқсат. Жасыл түс – жүріп-тұруға толығымен рұқсат деген сөз. Бұл жоба бір жағынан қоғамдық орындарда карантин талабы қаншалықты сақталды, рұқсат етілген орын саны сақталғанын білу үшін де ыңғайлы. Бір сөзбен айтқанда, вирустан сақтану үшін де, алдын алу үшін де өте тиімді жоба. Ашық портал жақында іске қосылады. Қазір «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен келіссөздер жүргізілуде. Бұл әр адамның өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына септігін тигізеді.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

200 адамның басын қосқан іс-шара тоқтатылды

Қала әкімдігі жанынан құрылған мониторингтік топ карантин талаптарының сақталуына қатаң бақылау мақсатында күнделікті іс-шаралар жүргізуде. Нәтижесінде 17-18 сәуір күндері мониторингтік топпен 7 анықтама толтырылып, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына жолданды.

18 сәуір күні қала әкімінің орынбасары Нұридинов Бектас Балғабайұлының жетекшілігімен мониторинг топ карантин режимін орсекел бұзып, 200-ге жуық адамды жинап жиын өткізген желілік маркетингтік іс-шарасын тоқтатты. Занды шешім қабылдау мақсатында толтырылған анықтама тиісті орынға (СЭББ) жолданды.

Сондай-ақ, аралау барысында адам көп шоғырланатын орындарда карантин талаптарын сақтау бойынша бірнеше мәрте түсіндірме жұмыстарының жүргізілгеніне қарамастан бұзушылыққа жол берген «Асбол», «Талғат», «Сыбаға» сауда орындарының басшыларына анықтама толтырылып, СЭББ-ға жолданды.

Мониторинг топ жетекшісі Бектас Балғабайұлы карантин режимі кезінде бекітілген талаптарды орындамай, тұрғындардың денсаулығына қауіп төндірген азаматтар тиісті жауапкершілікке тартылатынын ескертті.

Сондықтан бас санитар дәрігердің қаулысының талаптарын қатаң сақтау, беттерде кию және арақашықтықты сақтауды естен шығармау қажет.

Басы 1-бетте

Осы аптада «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасы, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен партия филиалының Саяси кеңесі Бюросының отырысы өтті. Жиында қоғамдық кеңестердің төрағалары мен құрамы және ережелері бекітілді.

«NUR OTAN»: ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАЛАРЫ САЙЛАНДЫ

– Өздеріңізге белгілі, бұған дейін «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөнінде Жол картасы бекітіліп, оған жауапты фракция мүшелері мен орындаушылар белгіленді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында партия қоғамдық кеңестерінің жұмысы да қайта құрылды. Жақында партияның Саяси кеңесі Бюросының шешімімен партиялық кураторлар институтының орнына «Nur Otan»-ның сайлауалды бағдарламасы нақты бағыттарының іске асырылуын бақылауға негізделген 14 республикалық қоғамдық кеңес құрылды. Мұндай жұмыс облыстық деңгейде де қолға алынып отыр, – деді филиал төрағасы.

Бұл қоғамдық кеңестер партия көшбасшылық алға қойған міндеттерін ескере отырып, өңірде партияның сайлауалды уәделерінің орындалуына жүйелі бақылау, бюджет қаражатының тиімді және ашық жұмсалынуын мониторинг жасауды қамтамасыз етеді. Олардың міндетіне өңірлік дамуды жетілдіру бойынша тұжырымдамалық ұсыныстарды, нақты практикалық шешімдерді әзірлеу үшін диалог алаңына айналып, сарапшылар қауымдастығын өзекті әлеуметтік мәселелерді ашық талқылауға тарту, сондай-ақ азаматтық бастамаларға қолдау көрсету міндеттері жүктеліп отыр.

Кеңестердің төрағалығына партия депутаттары мен белсенділерінен бөлек, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сарапшылар мен ғалымдар, жалпы қоғамдық пікір көшбасшыларынан іріктелген тиісті саланы жетік меңгерген тәжірибелі азаматтар ұсынылып, бюро шешімімен бекітілді. Сонымен, «Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері» жөніндегі облыстық қоғамдық кеңес төрағалығына – Райкүл Байназарова, «Экономикамыз дамыту және кәсіпкерлікті қолдау» жөніндегі кеңес төрағасы – Қожахмет Ильясов, «Білім мен ғылымды дамыту» жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасына – Гүлнәр Ескалиева, «Ұлт денсаулығы мәселелері» жөніндегі кеңес төрағасына – Нұридин Әмиров, «Жұмыспен қамту және халықтың әлеуметтік осал әлсіз топтарын қолдау» бағытындағы кеңес төрағасына – Алтын Ескараева, «Өңірлік даму» жөніндегі кеңес төрағасына – Жанкелді Ысқақ, «Аграрлық секторды дамыту» – Бақдәулет Махашов, «Экология жөніндегі» кеңес төрағасына Нұрбол Аппазов, «Жастарды қолдау» жөніндегі кеңес төрағасына Мағжан Ералиев, «Партиялық бақылау» комиссиясы төрағалығына Абайбек Жүнісов басшылық жасаса, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес пен «Miras» аймақтық кеңесіне Мақсұт Нәлібаев пен Баймырза Қожамбердиев жетекшілік етеді.

Бюро отырысында партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарының және аймақтық, аумақтық партия филиалдарының есеп беру-сайлау конференцияларының өткізу кестелері бекітіліп, облыстық партия филиалының кезекті XXVIII есеп беру-сайлау конференциясын шақыру туралы мәселелер де қаралды.

ТӨРТІПКЕ БАҒЫНАЙЫҚ

Өткен жылдан бері күнделікті қолданысымызға «коронавирус», «пандемия», «карантин» ұғымдары етене сіңісіп кетті. Өкінішке орай, қатерлі дертпен күрес әлі жалғасып келеді. Талай жандар кеселдің тырнағына ілініп, денсаулығы мен өмірі үшін арпалысып жатыр. Коронавирус індетімен күресуге және оны жеңуге болады. Қарапайым ғана сақтық шараларын ұстанған адам ауруға бой алдырмайды.

Күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарынан беттерде тағуды маңыздылығы айтылып жатыр. Алайда бұл қағидаға селқос қарайтын жандар жетерлік. Сол себепті беттерден тағы ұмытпаған жөн. Бұл сіздің денсаулығыңызды қорғауға ықпал етеді.

Қазір көптеген мемлекет карантин режимінде өмір сүріп жатыр. Яғни той-томалақтарға, отбасылық жиындарға тыйым салынған. Соған қарамастан бұл тәртіпті бұзып жатқандар көп. Саулық – сақтыққа. Осыны естен шығармаған абзал. Отбасылық жиын тойларға бармаңыз. Көпшілік ортада коронавирус індетін жұқтырып алу қаупі өте жоғары. Сол себепті баршаңызды заңға бағынуға шақырамын.

Қоғамдық орындарда әлеуметтік арақашықты сақтап, беттерде тағуды ұмытпаңыз. Ең бастысы, ол, әрине – вакцина салдыру. Екпе салдырудан үрейленудің қажеті жоқ. Екпе ектіру арқылы сіз өзіңізді және жақыныңызды қорғай аласыз.

Аман ТҰРСЫНОВ,
облыстық психикалық денсаулық орталығы бөлім меңгерушісі

УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ ВАКЦИНА САЛДЫРДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бас оқу ғимаратында коронавирусқа қарсы «Спутник-V» вакцинасын егу жұмыстары басталды.

Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру мақсатында университет қабырғасынан вакцинациялауға арнайы кабинет ашылып, онда алдын-ала залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге барлық санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, оқытушы-профессорлар мен білім алушыларға екпе салынды. Айта кетерлік жайт екпе жұмыстары оқытушылар мен студенттерге ерікті түрде жүргізілді. Алдағы күндері вакцинациялау жұмыстары күнделікті ұйымдастырылады.

Екпені алғашқылардың бірі болып университет ректордың міндетін атқарушы Абайбек Жүнісов салдырды. Сонымен қатар университеттің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай екпе қабылдап, барша азаматтарды вакцина салдыруға шақырды.

Екпені қаладағы №6 емхананың қызметкерлері салды. Олар әр екпе салушының денсаулық жағдайын таразылап, вакцина қабылдауға рұқсат берді. Вакцина егілген қызметкерлердің барлығы дәрігерлердің жіті бақылауында болады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАЛҒАН ДИПЛОМ МӘСЕЛЕСІ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Жердің үсті түгелі астындағысын сатып алуға мүмкіндік туған мына нарық заманында ештеңе таңғалуға болмайды. «Аузы қысық болса да, бай баласы сөйлесін» дейтіндер қалтасын қалыңдату үшін білген тіршілігін жасайды. Сөзімізге дәлел іздеп әуре болмай-ақ қояйық, араны толғанша жеп, көзі тойғанша кеміргендер шет елге тайып тұрды. Олар жай кеткен жоқ, өзімен бірге қазақ жерінен жиған бар байлығын ала кетті. Қызметті де құлқынның қамымен жасаған небір шенді шекпенділер темір тордың ар жағынан бір-ақ шықты. Біздің көтеріп отырған мәселе білім саласына қатысты болғандықтан олардың атын атап, түсін түстеудің қажеті жоқ деп ойлаймыз. Бірақ бүгін бір ұлттың келешегін тәрбиелейтін «мұғалімдер» не себепті жалған диплом алған? Әлде оның қылмыс екенін білмеді ме? Жалпы жалған диплом мәселесі қайдан шықты?

Қазір жасыратыны жоқ, бір тосын жаңалық ести жатсақ, ғаламторды шарлауымыз бар. Сондағы мақсатымыз – «біз көтерген мәселеге байланысты басқа ақпарат көздерінде нендей мәлімет бар?», «өзге өңірлерде не айтылуда?», «шет елдердегі деректер қандай?» секілді толып жатқан сұрақтың жауабын табу.

Ғаламторды ақтарып отырып, ә дегеннен жаға ұстатарлық ақпараттарға кезектік. Қандай дейсіз ғой? «Барлық оқу орындарындағы дипломдарды ғана емес, басқа да білім дәрежесін білдіретін құжаттарды дайындап, сатамыз» деген желеумен танылған бірнеше сайт бар екен. Мәссаған! Мынау деген масқараның көкесі ғой. Ондай сайтқа кіре қалсаңыз, оң жақ бұрыштан онлайн менеджер «Сәлеметсіз бе, сізге қандай көмек көрсете аламыз? Дипломның қай түрі керек? Қай оқу орнынан?» деген сұрақтарды төпелете түседі. Ал, ендіше, керек болса. Қай мамандық бойынша қандай диплом керек, бәрі тұр. Тіпті дүкендегі сөрелерде де мұндай таңдау жоқ шығар? Бұл жерде ЖОО, колледж, техникум дипломдарымен бірге мектеп бітірді деген аттестат, сертификат, анықтамаларды жылдам жасап береміз деп жарнамалап та қойған. Бір қызығы, сұраған құжатыңыз он күнде қолыңызда болады. Тіпті компания түпнұсқадан еш айырмашылығы жоқ екеніне де келіпді бере алады. Тек құжаттың жалғандығы жұмыс орныңыздан оқу орныңызға тікелей хабарласқан жағдайда ғана анықталуы мүмкін. Бірақ қазір көп жерде дипломның жалған, түпнұсқа екендігіне ешкім бас қатырып жатпайды. Құжат өткізсеңіз болды. Сайтта дипломның дәрежесіне қарай бағасы да нақты көрсетілген. 100-250 мыңның арасында қаржыңыз болса, дипломның қалаған түрін қалаған оқу орныңыздан дайындап береді. Ал 500 мың мен бір миллион теңгеніз болса, нағыз түпнұсқасы қалтада дей беріңіз. Бакалавр дипломынан бөлек, магистр, ғылым кандидаты, ғылым докторы атағын растайтын да дипломды сатылымға шығарған. Айналайын-ау, базардың өзінде де барлық тауар мұндай қолжетімді бола бермейді ғой. Мынаны жұмысқа орналасу үшін диплом қажет адам көрсе, екі сөзге келместен тапсырыс беруі ғажап емес. Ал аңқау, аңғал адамдар өбден әккі болған алаяқтардың торына түссе, оңайлықпен босай алмайды.

Біз журналисттік зерттеу жүргізіп, көтерген мәселені талдаған кезде облыстық прокуратураға хат жолдаған болатынбыз. Құқық қорғау органы жалған диплом мәселесін зерделеп, облыс прокурорының бірінші орынбасары Т.Әлібаевтан жауап та келді.

«Сіздің жоғары оқу орнында білім алмай, заңсыз жолмен дипломды пайдалану арқылы білім беру мекемелерінде жұмыс жасап жатқан азаматтарды анықтау бағытында Қызылорда облысының прокуратурасының (бұдан әрі - облыстық прокуратура) қадағалау жұмыстарына қатысты сауалыңызға келесіні хабарлаймыз.

1. Облыстық прокуратура «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының облыстағы білім беру мекемелерінің тарапынан сақталу жағдайына үнемі қадағалау жүргізеді. Қадағалау жұмыстарын жүргізу барысында 2021 ж. өткен мерзімінде кейбір мектептерде педагогтардың жалған дипломмен жұмыс жасау фактілері анықталды.

2. Облыстық прокуратура тарапынан облыстағы мектептердегі білім беру деңгейі, оның ішінде педагогтардың біліктілікті арттыру жағдайы, дипломдарының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігіне қатысты талдау жүргізу туралы «Прокуратура туралы»

жазған. Тіпті ТМД көлеміндегі барлық оқу орнының дипломын жасай алатынын да назарға салған.

Өткен жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің алқа отырысында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов еліміздегі университеттерге талдау жүргізгенде оқуға 100 адам түсіп, 800 адам бітіріп шығатынын айтқан болатын. Яғни бұл 700-дей адам жалған құжатпен жүр деген сөз. Сонда біздің елде осындай алаяқ компаниялардың көмегіне жүгінген азаматтар аз болмай тұр ғой. Ақшаның төлесеніз болды, ары кетсе бір айдың ішінде сіз қалаған диплом пошта арқылы үйіңізге келеді. Сонда осы уақытқа дейін қанша адам осы компанияға жүгінді екен? Қанша маман жалған дипломмен

Қазақстан Республикасы Заңының 44, 45-баптарына сәйкес Қызылорда облысының білім басқармасынан талап етіліп, құжаттары сұратылып, заңдылығы зерделенді. Нәтижесінде 18 педагогтың жалған дипломмен жұмыс жасап жүргені анықталды. Аталған педагогтардың 14-і Қызылорда қаласындағы, 4-і Арал ауданындағы мектептерде жұмыс жасаған. Бұл фактілерге қатысты облыстық прокуратура Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 385-бабының 2-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады. Қазіргі таңда тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

3. Дипломдарды жалған жолмен қолдан жасау, дайындау, өткізу осы әрекеттерді бірнеше рет, адамдар тобының сөз байласу арқылы

хат жазамыз. Мұндай хаттар барлық сала бойынша келеді. Несін жасырамыз, өкінішке орай Қорқыт ата университетінің де атын пайдаланып, жалған диплом жасаушылар бар. Тіпті мөрге дейін айнытпай жасайтындары жасырын емес. Мен нақты біздің университетті бітірдім деп, қанша адамның жүргенін айта алмаймын. Бірақ алаяқтардың албауына түсіп, жалған диплом алғандардың бар екенін жасырмаймын.

Қазір ештеңе таңғалуға болмайды. Алаяқтықтың шыңына жеткендер әлемдегі мықты деген елдердің қаржы жүйесін бұзып, банктегі ақшаларын да алып жатқан жоқ па. Мұндай адамдарға жалған диплом жасау түкке де тұрмайды деп ойлаймын.

Келген хаттар бойынша жұмыс істеп, бастан-аяқ тексеріс жүргізіп, сұраныста көрсетілген азаматтардың бізде оқыған-оқымағандығын анықтап, мектептерге жауап хат жөнелтіп отырмыз. Біз ешнәрсені жасырмаймыз. «Болашақ» университетінде оқымаған адамды оқымаған деп көрсетеміз. Университет қабырғасында білім алмаған адам қалайша мектепте оқушыларға сабақ беріп жүр? Осы нәрсе он ойланса да санама кірер емес. Ондай адамдар мұндай қадамға не үшін барады екен? Тағы бір нәрсе айта кетейін, «Болашақ» университетінде білім алмаған адамдар осы жерде оқығанын растайтын жалған анықтама жасауға көшіпті. Тіпті анықтаманың астына менің аты-жөнімді жазып, менің

тапсырса болатыны айтылған. Университеттің ғылыми кеңесінде осы мәселені талқыладық. Бұл жерде жетекшілер диплом жазу барысында қандай қадамға баратынын біз білмейміз ғой. Жасыратыны жоқ, дәл осы кезеңде сыбайластықтың болу қаупі бар. Жетекші мүмкін студентке «менде тұрған дайын дипломдық жұмысты ал» дейтін шығар... Осыған жол бермес үшін диплом жұмысын жазудың орнына, екі мемлекеттік емтихан тапсырып келді. Ал биыл жаңа талаптар еніп, керісінше бітірушілер диплом жазатын болып отыр. Енді не істемек керек? Бірінші кезекте бақылауды күшейтті. Сыбайластыққа жол бермес үшін ай сайын бітіруші түлектің дипломын қалай жазып жатқанын арнайы антиплагиат бағдарламасы арқылы тексеріп отырмыз. Жұмысты антиплагиатқа салып тексереміз. Бұл бағдарлама өзімізде бар. Бағдарлама жазылған дипломдық жұмысты көшірме деп тапса, кері қайтарамыз. Біз ондай жұмысты қабылдамаймыз. Бұл жерде университетте Адалдық кодексіне жүзеге асыруда университет басшысынан бастап, әрбір оқытушы және қызметкерге дейін жұмылдырылғанын атап өткім келеді.

Сөзімді түйіндеп келе, жалған диплом жасаушылардың да, алушылардың да жолын кесу керек дер едім. Ол үшін жұмысқа тұратын адамның оқу орнын бітіргені туралы құжатын әуел баста тексерген дұрыс. Яғни жұмыс беруші алдына келген адамның құжатын тексеріп, дипломы жалған ба, жоқ әлде ол шынымен оқыған ба, міне, осыған көз жеткізуі керек. Жалған дипломның иесі жұмысқа тұрмай жатып анықталса, алаяқтықтың жолы кесіледі деп ойлаймын. Осылай болса, жалған дипломмен жүргендер ешқайда жұмысқа тұра алмайды. Сәйкесінше жалған диплом жасаушылардың да жолы кесіледі.

Қуаныш Дәуренбеков, «Болашақ» университетінің ректоры:

– Жалған диплом жасаушылардың кім екенін, қандай адамдар екенін нақты білмеймін. Бір білетінім, бұл – таза алаяқтық. Алаяқтыққа ар мен намыстан пайданы жоғары қоятындар ғана барады.

Қазір тексеріп дұрыс жасап жатыр. Дипломды оқымай сатып алатындар қалай ойлайтындарын түсінбеймін? Түбінде бәрібір әшкере болады. Өйткені еліміз бойынша ұлттық білім беру базасы бар. Оқу орнына түскен адамның барлық мәліметі сонда сақталады. Ол қалай оқыды, сынақты, емтиханды қалай тапсырды бәрі-бәрі тіркеледі. Оқу орнының өзінде де жазбаша тіркеліп, мөрленіп, тігіледі. Дипломның жалған не шынайы екенін анықтағысы келген адам осы құжаттарды қарап-ақ ажырата алады.

Қызылордадағы «Болашақ» университеті Platonus жүйесі арқылы жұмыс істейді. Бұл жүйеге келген мәліметтер тікелей ұлттық білім беру базасына түседі. Осыдан-ақ біздің де жалған диплом жасаушыларға қарсы екенімізді түсіну қиын емес деп ойлаймын. Бұдан бөлек университетте прокторинг жүйесі арқылы жұмыс істеу де қолға алынған. Бұл – онлайн түрінде әрбір білім алушы емтиханды өзі не басқа бәреудің тапсырып жатқанын анықтауға мүмкіндік беретін жүйе. Бір сөзбен айтқанда, студенттерге сапалы білім беру үшін барлық жағдай жасалған. Ал жалған диплом мәселесіне келсек, осындай құжат жасататын әрбір жан өзінің қандай қадамға барып жатқанын тереңірек ойлануы тиіс. Абайша айтсақ, «пайда ойламай, арды ойлап, артық білуге талап қылған» жөн. Алдағы уақытта жалған дипломға ұмтылмай, оқу орнында білім алып, ертеңгі күніне сеніммен қадам басқандар ғана жетістікке жетпек. Бұл қазірдің өзінде дәлелденіп отыр.

Осыдан оншақты жыл бұрын тиісті органдардан 20-дан астам адамның бізде оқыған-оқымағанын анықтап беру жөнінде арнайы хат келген. Содан әлгі тізімдегі адамдар бойынша анықтама жүргіздік. Нәтижесі қалай болды дейсіз ғой? Масқара болғанда, бұл адамдардың ешқайсысы бізде оқымаған болып шықты. Сонда «адам баласы мұндай қадамға саналы түрде қалай барады?» деген едім. Қазір де жалған диплом алғандар саны азайған жоқ. Оған бізге келетін жүздеген хатқа берілетін жауапты дәлел етуге болады.

Бұл тек «Болашақ» университетіне қатысты мәселе емес. Жалған диплом жасаушылар кез келген оқу орнының құжатын жасауы мүмкін ғой. Қазір тек мұғалімдер тексеріліп жатыр. Негізінен барлық саланы тексеру керек деген ұсыныс айтар едім. Жасанды дипломмен басқа да салаларда жұмыс жасап жатқандар табылуы ғажап емес.

ЖАЛҒАН ДИПЛОМ ЖАСАУШЫЛАРМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУ КЕРЕК?

Абайбек Жүнісов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры:

– Жалған дипломдарды «Кім жасайды?», «Қалай жасайды?», «Қайдан алып жатыр?» деген сұрақтар бойынша ізденген емеспіз. Себебі бұл біздің құзырымызға жатпайды, екіншіден уақытымыз да жоқ. Бағана айттым ғой, бізге көптеген мекемеден хат келеді. Біз тек Қорқыт ата университетінде оқыған-оқымағанын анықтап береміз, болды.

2016-2017 жылдары оқу орнын бітірушілерге байланысты мемлекеттік стандартқа жаңа талаптар енді. Онда бітірушілер диплом жұмысының орнына ғылыми кеңестің шешімімен екі мемлекеттік емтихан



ДИПЛОМ «САУДАСЫ»

қашанға дейін созылмақ?

тайрандап жүр десеңізші?! Қаншасы сауаты болмаса да төрт-бес жыл көз майын таусысып оқып, еңбектенген жастардың орнында жүр деген ой келеді. Дегенмен өтіріктің өрге жүзбейтіні белгілі. Ресми ақпарат бойынша, жалған дипломмен жұмысқа орналасқандардың әшкере болғаны да бар. Бірақ көбі айыппұл төлеумен немесе жұмыстан кетумен шектеліпті.

Біз ғаламтордағы мәліметтерді назарға алып, салыстыра сөз еттік. Ал аймақтағы жағдай қалай? Жалған дипломмен жүргендер бар ма? Облыстық білім басқармасы былтыр жоғары оқу орындарына сұрау салып, педагог мамандарға мониторинг жүргізген. Нәтижесінде 29 педагогтың жалған диплом алғаны анықталып отыр. Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова жалған дипломдарды анықтау жұмысы әлі де жүретінін, сол себепті де мұғалімдерден ортақ абыройға көлеңке түсірмеуін сұрады.

ПРОКУРАТУРА НЕ ДЕЙДІ?

Біз журналисттік зерттеу жүргізіп, көтерген мәселені талдаған кезде облыстық прокуратураға хат жолдаған болатынбыз. Құқық қорғау органы жалған диплом мәселесін зерделеп, облыс прокурорының бірінші орынбасары Т.Әлібаевтан жауап та келді.

«Сіздің жоғары оқу орнында білім алмай, заңсыз жолмен дипломды пайдалану арқылы білім беру мекемелерінде жұмыс жасап жатқан азаматтарды анықтау бағытында Қызылорда облысының прокуратурасының (бұдан әрі - облыстық прокуратура) қадағалау жұмыстарына қатысты сауалыңызға келесіні хабарлаймыз.

1. Облыстық прокуратура «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының облыстағы білім беру мекемелерінің тарапынан сақталу жағдайына үнемі қадағалау жүргізеді. Қадағалау жұмыстарын жүргізу барысында 2021 ж. өткен мерзімінде кейбір мектептерде педагогтардың жалған дипломмен жұмыс жасау фактілері анықталды.

2. Облыстық прокуратура тарапынан облыстағы мектептердегі білім беру деңгейі, оның ішінде педагогтардың біліктілікті арттыру жағдайы, дипломдарының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігіне қатысты талдау жүргізу туралы «Прокуратура туралы»

жасау және пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 385-бабында 2 ИС «Қадағалау» 20171213 кінәлі бұл-ғаға төрт жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 3-тармағында жоғары білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға «бакалавр» дәрежесі немесе «маман» біліктілігі беріледі. Сондықтан жоғары оқу орнында білім беру бағдарламасын толық меңгеріп, заңды түрде маман дипломын алған азаматтар білім беру мекемелерінде жұмыс жасауы тиіс, әрі оның нәтижесі өсіп келе жатқан жастардың сапалы, дұрыс білім алуына оңды септігін тигізіп, еліміздің білім сапасының дамуына зор үлесін қосыуы қажет. Осы орайда азаматтарды жоғары оқу орнында мемлекеттік стандарттарға сәйкес білім алып, заңды диплом иегері болуға және білім беру мекемелерінің басшылығын педагогтарды жұмысқа қабылдауда олардың білім алған құжаттарын заңға сәйкес жан-жақты тексеруді қамтамасыз етуге шақырамыз», – делінген хатта.



Абайбек Жүнісов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры:

«БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТТІҢ АТЫН ЖАМЫЛҒАНДАР ДА БАР»

– Жалған дипломға байланысты мәселе кеше не бүгін туындаған жоқ. Бізге Қазақстан бойынша аптасына жүздеген хат келіп жатады. Келіп тұрған хаттар негізінде жұмыс істеп, көрсетілген азаматтардың Қорқыт ата университетінде оқыған не оқымағандығын анықтап, жауап

орныма қол қойған. Не деген сорақылық! Мектеп басшыларына біздің тараптан хат барып жатса, артынша тағы да оқыған-оқымағанын растайтын құжат келсе, екі құжатты салыстыруды сұраймыз. Қайсысының жалған екенін білу керек. Бұл мәселе бойынша құқық қорғау органдарына шағымданып отырмын. Бәрін заңды түрде тексертемін.

Бұл тек «Болашақ» университетіне қатысты мәселе емес. Жалған диплом жасаушылар кез келген оқу орнының құжатын жасауы мүмкін ғой. Қазір тек мұғалімдер тексеріліп жатыр. Негізінен барлық саланы тексеру керек деген ұсыныс айтар едім. Жасанды дипломмен басқа да салаларда жұмыс жасап жатқандар табылуы ғажап емес.



Қуаныш Дәуренбеков, «Болашақ» университетінің ректоры:

«БАРЛЫҚ САЛАНЫ ТЕКСЕРУ КЕРЕК»

– Жалпы жалған диплом жасаумен кімнің айналысып жатқанын біздің де білгіміз келеді. Ондай азаматтар мұндай қадамға не үшін барды, жалған диплом жасау кімге қажет, міне, осы сұрақтардың жауабын табу керек деп ойлаймын. Өйткені бұл – өте үлкен проблема.

Бізге биылғы оқу жылынан бастап Қызылорда облысындағы мектептерден сұраныс келіп, өздерінде жұмыс істейтін мұғалімдердің «Болашақ» университетінде оқыған-оқымағандығын анықтап беруді сұраған. Мен сізге айтайын, облыстағы 30 мектептің өзінен 42 мұғалімнің «Болашақ» университетінде оқыды деген жалған дипломмен жүргені анықталып отыр. Бұл – 30 мектеп жіберген сұраныс негізінде жасалған жұмыстың нәтижесі ғана. Облыста қанша мектеп барын өзіңіз де білесіз. Ары қарай тексерсе берсе, бұдан да көп болуы мүмкін. Сонда білім саласында жұмыс істейтін мамандардың қаншасы жалған дипломмен жүр екен?.. Алдағы күнде бұл да анықтала жатар.

СӨЗ СОҢЫ

Жалған диплом мәселесі – өте күрделі әрі шешімі қиын машақаттың бірі. Себебі дипломды қолдан жасаушылармен күресуе оқу орнындарының шамасы да, әл-дәрмені де жете бермейді. Алаяқтықтың мұндай түрмен айналысушылар кез келген оқу орнының дипломын жасай алады. Ол ҚазҰУ-ма, ЕУУ-ма, ҚМУ-ма бәрібір, тапсырыс берушінің талабы бойынша қалауындағысын жасап береді. Тек ғаламтор дейтін ғажайыпты ашып, сатылатын дипломдарға қатысты дүниелерді іздеп тапсаңыз болғаны, көңіліңіз қалаған мамандықтың иесі атанасыз. Тіпті бірнеше күннің ішінде оқу орнын бітіргеніңіз туралы құжатты үйіңізге дейін әкеліп береді.

Мәселенің мәнісіне үйілген адам бәрі осылай ашық түрде жасылып жатқанын бірден аңғарды. Бұл осылай жалғаса беретін болса, бүгін бір мемлекетке үлкен қасірет әкелуі мүмкін. Өйткені елдегі барлық саланы жалған диплом иелері басып алса, мемлекетіміз жоғары білімін растайтын дипломы бар білімсіздердің Отанына айналып шыға келеді. Қазірдің өзінде қай денгейде тұрғанымызды білмеймін, бірақ бұл мәселемен күресті мемлекеттің өзі қолға алып, елге төнген қауіп ретінде қарау керек деген ұсыныс айтамыз келеді.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ


ҚЫЗЫЛОРДАДА 29 МҰҒАЛІМ ЖАЛҒАН ДИПЛОММЕН ЖҮРГЕН



Біз қараған сайт орыс тілінде болғанымен, олар қазақстандық оқу орындары беретін құжаттардың көшірмесін түпнұсқадан айымайтынды етіп жасайтындықтарын

СПОРТ

Сыр спортшылары Азияны мойындатты



Қызылордалық палуан қыз Асылзат Сағымбай әйелдер күресінен сынға түсіп, 53 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде III орынды жеңіп алды. 2000 жылы туған спортшы ару ҚР спорт шебері, жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, жастар және ересектер арасындағы Қазақстан чемпионы, ұлттық құраманың мүшесі.

Қазіргі таңда Асылзат Сағымбай №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде жаттығады.

Қазақстанның мәдени астанасы Алматыда өткен күрестен Азия чемпионатында жерлес палуандардың жұлдызы жанып, жүлделі орындарды иемденді. Еркін, грек-рим және әйелдер күресінен өтіп жатқан құрлықтық чемпионатта Сыр палуандары бір алтын және бір қола медальды иемденді.

Азия чемпионатында көк туымызды биіктен жел-біреткен оғланымыз – Айдос Сұлтанғали. Ол аталған чемпионатта грек-рим күресінен 60 келі салмақта I орынды жеңіп алып, үш дүркін Азия чемпионы атанды.

Алғашқы белдесуде ол оңтүстіккорейлік спортшыны 10:1 есебімен жеңсе, жартылай финалда Ирак палуанын 7:2 есебімен тізе бүктірді. Финалдық бәсекеде ирандық Мехди Нижадамен кездесіп, 8:4 есебімен қызылордалық жеңіске жетті.

Айдос Сұлтанғали бұған дейін 2015 жасөспірімдер чемпионы, 2016 жылы жастар арасында Азия чемпионы, 2017 жылы жабық кешендегі Азия ойындарының және Әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2018 жылы ересектер арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған. Онымен қоса 2019 жылы бүкіләлемдік әскерилер ойынының қола жүлдесін қанжығасына байлаған.



Велошабандоздар 12 медаль жеңіп алды

Қызылордада велоспорттан тұңғыш Әлем чемпионы, КСРО еңбек сіңірген спорт шебері Марат Сатыбалдиевтың жүлдесіне арналған 15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында дәстүрлі республикалық жарыс өтті. Ел біріншілігінде Қызылорданың велошабандоздары 12 медальды қоржынға салды.

Жарысқа Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарынан жалпы саны 92 спортшы қатысты. Сайыстың қорытындысы бойынша Сыр спортшылары 12 медаль, оның ішінде 4 алтын, 5 күміс және 3 қола медаль иеленді.



Атап айтсақ, 30 шақырымға созылған топтық жарыста Аружан Токбаева I орын, Жібек Болатбекқызы II орын және Аружан Рахымжан III орын алған. Ал ұлдар арасындағы 50 шақырымдық топтық жарыста Аслан Силькбек II орынға лайықты деп танылды. 20 шақырымдық топтық жарыста Аружан Токбаева, Аружан Рахымжан, Бибінуір Бектаева 1, 2, 3 орындарды иемденді. Ұлдар арасындағы 60 шақырымдық топтық жарыста Ердаулет Егізбай күміс медальді кеудесіне тасқа, 16 айналмдық критериум жарысында Аслан Силькбек алтын медальды қол жеткізді. Сондай-ақ қыздар арасындағы 8 айналмдық критериумда Аружан Токбаева, Аружан Рахымжан, Бибінуір Бектаева алтын, күміс және қола медальдарды өзара бөлісті.

Республикалық дәстүрлі жарыста Қызылорда велошабандоздары аймақтың спорттық қоржынын тағы да 12 медальға толықтырды.

А.БІРКЕНОВ

ТӘЛІМ

Ағайынт
шаму болғанда...

Дүниеден әкеңің өткені өте қиын екен. Тас түскен жеріне ауыр демей ме? Ауылда айрандай ұйып отырған бір шаңырақтың әкесі қайтыс болып артында әйелі мен төрт ұлы қалды. Аспан айналып жерге түскендей, биік шынар ағаш құлағандай болып, бір қаза бір отбасыны қатты есеңгіретіп тастады. Төрт ұлдың үлкені естияр болатын. Мынау қаза оны тіпті есейтіп жіберді. Кітап оқуды, өнер ізлеуді жақсы көретін. Қалаға барамын, оқимын, білім қуамын деген армандары бар. Бірақ жалғыз шешесі мен үш бауырын ойлап, балалық армандарынан бәз кешіп әке артында қалған он шақты қойдың басын құрап, ауылда қалды. Ауылда қандай қара жұмыс болса, соның басында балалардың ағасы жүреді. Ендігі бар тілегі артынан ерген бауырларын қатардан қалдырмай жетілдіру, оқытып-шоқыту.

Уақыт деген зулап өте берді емес пе? Осылай жүргенде табаны күректі 20 жыл өтіп кетті. Енді ағаның шаштарына да ақ кіре бас-тапты. Інілерін ешкімнен кем қылмай өсірем деп жүргенде өзі де бір жақты болып қалғанын байқаған да жоқ, сірә! Адам өзінен бұрын өзенің жайын ойлағанда осылай болады екен. Тек әйелі ғана анда-санда ауылдағы өмірге наразылығын білдіріп қояды. Сөйтіп жүргенде жалғыз аналарын да мәңгілік сапарға аттандырды. Оның артында да үңірейген орын ғана қалды...

Бір күні қаладағы інілері мен келіндері аға-жеңгесін зиярат жасап келеді екен деген хабар жеткенде, ағаның әйелі қатты оталып кетті. Ішін кернеп бара жатқан қандай сезім екені белгісіз, әйтеуір, тым ауыр сөздер айтылып кетті.

– Отағасы, інілерім, інілерім деп жиырма жыл бойы ауылда отырды. Сен екеуміз не қызық көрдік осы. Еш болмаса, аяғыңды артып жүретін жаман көлік те алған

жоқпыз. Баспанамыз болса мынау! Келе жатыр, әне, туыскандарың! Ең болмаса, бірнеше күн бұрын хабар айтса қайтеді? Дәл тақап қалғанда, не деп келеді. Олар сен екеумізді сынау үшін келе жатыр. Үйде олардың алдына қоятын жөні түзу тәттіміз де жоқ. Талай рет айттым ғой саған, қалаға көшейік деп. Есі дұрыс елдің бәрі қалада неше түрлі қызық көріп жүргенде, біз отырмыз қу далаға байланып. Осы ма сонда, өмір деген?

– Әй, қатын, тоқтатшы сөзіңді! Осыдан 20 жыл бұрын өкем дүниеден кайтқанда, оның артында қара тұман қалғанын білесің бе? Сол қара тұманның ішінде барар жер, басар тауымыз болмай біз қалдық. Жалғыз шешем мен туған бауырларым үшін жалған өмірімді құрбандыққа шалмасам, олардың бүгінгі күйі не болар еді. Қорықпа, осы өмірмен бәрі бітіп қалмайды ғой. Құлайдың бізге арнап қойған сыйы бар шығар...

Осы кезде інілер мен келіндер де кіріп келді. Арқа-жарқа амандасып, құшақтасып дастархан айналасына жайғасты. Қараса, қонақтар құр қол келмеген. Бір сәтте дастарханның үсті жайнап шыға келді. Бұйырған шайды ішіп болған соң, үлкен інісі сөз бастады:

– Айналайын, жан ағам менің, алтын жеңешем! Сіздер біз үшін қалаға көшейі осы ауылда қалып қойдыңыздар. Өздеріңіз ішіпей, бізге ішкіздіңіздер. Өздеріңіз жемей бар тәттіңіз бізге жеткіздіңіздер. Мына отырған үшеуміз де оқытып, білім әперіп, аяққа тұрғыздыңыздар. Сол үшін сіздерге басымызды иіп рақмет айтамыз. Бүкіл өмірлеріңізді біз үшін сарп еттіңіздер! Менің енді сіздерге арнаған азғантай сыйым бар еді. Соны қабыл етесіздер ме? Қаланың ортасынан төрт бөлмелі үй алып, бүгін ғана соның құжаттарын ағамның атына аударып келіп отырмын. Міне, соның кілті.

Осы сөздер айтылып жатқанда, ағаның көзінден жас ағып жатты. Жеңгесі де кемсеңдеп отыр екен. Сол кезде екінші інісі сөз алды.

– Алтын ағатайым менің! Мен де сізге жақсы бір көлік аламын деп ақша жинап едім. Мына кіші ініңіз сізге арнап көлік алып қойғанын бүгін біліп отырмын. Сол жинаған ақшамды әкеліп едім. Аз да болса көптей етіп, қабыл етіңіздерші! Сіздерге шын ықыласыммен алғысымды білдіремін.

Осы кезде кіші інісі өзінен кейінгі ағасына ренжігендей болып:

– Ағатай, менің сыйымды айтып қойдыңыз, Қызық болмай қалды ғой енді деді, ағын жарылып.

Осы кезде аға мен жеңгенің көздерінен ғана емес, жүректерінен де қуаныш жастары төгіле бастады. Бірақ ол дүние-мүлікке бір сәтте кенеліп қалғаны емес, бауырларының осыншалықты адамшылдық қасиетке кенеліп өскенін көргеннен еді. Осы сәтте ағаның соңғы 20 жылда көрген бейнеттері көз алдынан өте бастады.

Інілері оқуға түскенде, бір тиындап ақша жинағандары, солардың тамағы аша болмасын деп қалаға ет, айран-сүт, құрт-май жеткізіп тұрғаны кино секілді көз алдынан өтіп жатты. Даусы дірілдеп отырып:

– Айналайын, бауырларым! Мен сендер үшін еңбек еткенде, ешкімнен де алғыс күткенім жоқ. Не істесем де, шын ниетіммен, жан жүрегіммен жасады. Енді бүгін төбем көкке екі-ақ елі жетпей отыр. Аллаға сансыз шүкір, менің мақсатым бүгін орындалған сияқты. Аман болыңдар, бауырларым. Маған керекті сендердің амандықтарыңа! Көп рақмет, сендерге.

Осы әңгіме айтылып жатқанда, жеңгенің де, үш келіннің де ойла-арнаған: «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген мәтел өтіп жатты. Шынында да, солай емес пе?

Асылбек ӘУЕЗХАНҰЛЫ

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Ең, ең, ең...

ӘЛЕМДЕГІ ХАЛЫҚ
ЕҢ ТЫҒЫЗ КОНТИНГЕНТ

Еуропа – әлемдегі халық ең тығыз қоныстанған контингент болып табылады. Ол Еуразия құрлығының батыс бөлігін алып жатқан дүние бөлігі. Оның аумағы 10 млн шаршы км құрайды және Еуропада 826 млн халық қоныстанған. Бұл жер бөлігіндегі халық тығыздығы бір шаршы км 72,5 адамды құрайды.



Еуропаға кіретін аралдар мен топ аралдардың жалпы аумағы 730 мың шаршы км. Оның ішіндегі ең ірілері – Жаңа Жер аралы, Франц-Иосиф жері, Шпицберген, Исландия, Британия, Ирландия. Еуропадағы аралдардың орташа биіктігі 300 метрді құраса, ең биік нүктесі 5624 метр жоғары орналасқан Эльбрус тауы. Сондай-ақ бұл бөліктің Исландия мен Жерорта теңізі аумағында әлі де болса сөнбеген жанартаулар орналасқан. Аумақтың көп жағында қоңыржай климат, солтүстік арктикаларда субарктикалық және арктикалық климат кездеседі.

Еуропаның ең биік тауы Батыс Еуропадағы Альпі тауы (4807 м).

Жердің бұл бөлігінде ірі мұнай және газ, көмір, темір кентастары, боксит пен түрлі түсті металдар бар. Түсті және сирек металдарға Орал, Батыс Еуропа, Кавказ және Скандинавия өңірлері ерекше бай келеді. Дүниежүзіндегі ең ірі күкірт кен орны да Польшаның оңтүстігінде табылған.

А.БІРКЕНОВ

СЕКСЕУЛДІ
РҰҚСАТСЫЗ КЕСКЕН...

Қызылорда облысында 15 сәуір мен 15 мамыр аралығында «Киік» жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде. Іс-шараның мақсаты табиғатты қорғау, биологиялық ресурстар нысандар мен өнімдерінің заңсыз айналымының алдын алу болып табылады.

Жедел профилактикалық іс-шара аясында 48 жастағы аудан тұрғынының басқаруындағы «Зил» маркалы жүк көлігі тоқтатылды. Тексеру барысында автокөліктің жүк салғышынан 3 куб көлемінде заңсыз кесілген сексеуіл бұталары анықталды.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 340-бабының 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Қызылорда облысының полиция департаменті аң, балық аулау және ағаштар мен бұталарды кесу талаптарын бұзу, қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуға әкеліп соқтыратынын ескертті.

МАС КҮЙНДЕ КӨЛІК ЖҮРГІЗГЕН

Қазалы ауданында полиция қызметкерлері жол ережесін бұзған жеңіл автокөлікті тоқтатады.



Көлікті басқарған аудан тұрғыны мас күйінде болып шыққан. Анықталғандай, бұл азамат сот шешімімен 3 жылға көлік құралын жүргізу құқығынан айырылған, алайда ол көлікті мас күйінде қайта басқарып, басқа жол қозғалысына қатысушылардың өміріне қауіп төндірген.

Оған қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 346-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған. Көлік айып алаңына қойылып, жүргізуші полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамалды.

БІРНЕШЕ ҮЙДІ ТОНАҒАН ҰРЫ

Қалалық полиция басқармасының Тасбөгет полиция бөлімінің қызметкерлері бірнеше мәрте пәтер ұрлығын жасаған облыс тұрғынын қолға түсірді.

Күдікті қала аумағындағы жеке тұрғын үйлерге ұрлыққа түскен. Ол үй иелерінің жоқтығын пайдаланып, пластик терезелерін күштеп ашып, ішке кірген. Үйлерден алтын бұйымдарды, планшеттер мен ұялы телефондарды, банк картчаларын қолды қылған. Тұрғындарға 600 мың теңгеге жуық шығын келтірілген.

Тәртіп сақшыларымен жүргізілген жедел іздестіру шараларының нәтижесінде күдікті анықталып, уақытша ұстау абақтысына қамаққа алынды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 188-бабының 3 бөлігінің 3 тармағымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Полицейлер күдіктінің басқа да қылмыстарға қатыстылығын тексеруде.

УӘДЕ БЕРГЕН ТАҒЫ БІР
АЛАЯҚ ҰСТАЛДЫ

Қызылорда қалалық полиция басқармасына қала тұрғыны арызданған. Арызды танысы сеніміне кіріп, өткен жылдың желтоқсан айында 500 мың теңге көлемінде сыйақыға жұмысқа орналастыруға уәде бергенін көрсеткен. Алайда танысы уәде еткен жұмысқа орналастырмаған және ақшасын да қайтармаған.

Жүргізілген жедел-іздестіру жұмыстарының нәтижесінде полиция қызметкерлерімен күдікті анықталып, ұсталған. Ол 34 жастағы жұмыссыз қала тұрғыны болып шықты. Ол өз кінәсін толық мойындаған.

Қазіргі уақытта алаяқтық дерегі бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 1-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

«Ақмешіт-ақпарат»

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-1.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4850 Тапсырыс №559

Мөңдіріңіз кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДИН